Евразия
СТРАХОВАЯ КОМПАНИЯ

«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛГЕН
2026 жылғы «09» 02 Хаттама

«CREDIT CASCO» АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ (ЖАҢА РЕДАКЦИЯДА БАЯНДАЛҒАН)

Алматы 2026 ж.

МАЗМҰНЫ

1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ 4
3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ 4
4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ 5
5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ 10
6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ФРАНШИЗА 11
7. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ 11
8. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ 13
9. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ 13
10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ 14
11. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮЫНЫҢ САЛДАРЛАРЫ 17
12. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ 18
13. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ. 20
14. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ 22
15. САҚТАНУШЫНЫҢ ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ САҚТАНДЫРУШЫҒА АУЫСУЫ (СУБРОГАЦИЯ) 28
16. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ 28
17. ҚОСЫМША ШАРТТАР 29

1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Credit Casco» автомобиль көлігін ерікті сақтандыру ережелерінің (бұдан әрі - Ережелер/Сақтандыру ережелері) шарттарында «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) бұдан әрі Сақтандырушы деп аталады, Сақтандырушы Сақтанушыны Сақтандыру ережелеріне қосу жолымен және Сақтанушыға Сақтандыру полисін бере отырып, автомобиль көлігін ерікті сақтандыру шарттарын жасайды.

1.2. Сақтандыру полистері жеке (азаматтығына қарамастан) және заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) жасалады. Аталған тұлғалар бұдан әрі - Сақтанушы деп аталады.

1.3. Осы Сақтандыру ережелері автомобиль көлігін ерікті сақтандыру класы аясында жасалған.

1.4. Ережелерде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандырылған тұлғалар Сақтандырылушылар болып табылады.

2) **Пайда алушы** – Сақтандыру полисіне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Сақтанушы Пайда алушы болып табылады.

3) **Франшиза** - сақтандыру шарттарында көзделген сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

Шарт қойылмайтын франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі. Франшиза сақтандыру сомасына пайызбен, немесе абсолюттік мөлшерде белгіленеді.

4) **Автомобиль көлігі (көлік құралы, КҚ)** - жолдармен жүруге және онда орнатылған адамдарды, жүктерді немесе жабдықтарды тасымалдауға немесе онда орнатылған адамдарды, жүктерді немесе жабдықтарды, оның ішінде троллейбустарды қоса алғанда, жолдармен сүйретуге арналған механикалық көлік құралы;

5) **Жол** - көлік құралдарының қозғалысы үшін жайластырылған немесе ыңғайластырылған және пайдаланылатын жердің барлық бөлінген жолағы не жасанды құрылыстың үсті. Жол бір немесе бірнеше жолдың жүру бөліктерін, сондай-ақ трамвай жолдарын, тротуарларды, жол жиектерін және олар болған кезде бөлу жолақтарын қамтиды;

6) **Бағалаушы** - бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар және міндетті түрде бағалаушылар палаталарының бірінің мүшесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға;

7) **Мамандандырылған техникалық қызмет көрсету станциясы (Мамандандырылған ТҚКС)** – Сақтандыру ережелерінің мәтінінде Сақтандырушы ұсынған және/немесе онымен келісілген сервис орталығы түсініледі;

8) КЖ/ТҚ және ЖҚЖҚТҚ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру.

1.5. Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушы Сақтандыру полисінде көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына Сақтандыру полисі жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

1.6. Сақтандырылушылар ретінде Қазақстан Республикасының іс-әрекетке қабілетті азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар мүмкін.

1.7. Сақтандырылушының пайдасына Сақтандыру полисін жасау Сақтанушыны осындай Сақтандыру полисі бойынша міндеттерді орындаудан босатпайды.

1.8. Сақтанушыда, Сақтандырылушыда және/немесе автомобиль көлігін басқаруға рұқсат берілген тұлғада автомобиль көлігін басқару кезінде өзімен бірге болуы тиіс:

• жүргізушінің жеке басын куәландыратын құжаты болған кезде Қазақстан Республикасында берілгендерді қоспағанда, көлік құралын жүргізу құқығына жүргізуші куәлігі не жүргізуші куәлігінің орнына берілген уақытша куәлік;
• Қазақстан Республикасында берілгендерді қоспағанда, көлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік не көлік құралына меншік құқығы туралы куәландыратын құжат.

1.9. Сақтанушы, Сақтандырылушы болып табылмайтын Сақтандырылушы, Пайда алушы автомобиль көлігін сақтандыру кезінде осы автомобиль көлігін сақтауға мүдделі болуға және көлік құралын пайдалануға тиіс:
1. меншік құқығында;
2. жедел басқару немесе шаруашылық жүргізу құқығында;
3. сенімгерлікпен басқару немесе өзге заңды негіздеме бойынша;
4. сенімхат бойынша;
5. жолсапар парағы бойынша.

1.10. Сақтанушыда, Сақтанушы болып табылмайтын Сақтандырылушыда немесе Пайда алушыда сақтандырылған автомобиль көлігін сақтауға мүдделі болмаған кезде жасалған сақтандыру полисі жарамсыз.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) автомобиль көлігін иеленуге, пайдалануға және билік етуге, сондай-ақ Сақтандыру полисінде айқындалған сақтандыру жағдайлары нәтижесінде оны жоғалту (жою) немесе зақымдау тәуекеліне байланысты мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Сақтандыруға Қазақстан Республикасында тіркелген (мемлекеттік тіркеуге жататын) көлік құралдары қабылданады.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

3.1. Сақтандыру жағдайы - оның басталу ықтималдығы мен кездейсоқ белгілеріне ие оқиға, оның басталуына байланысты Сақтандырушының Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайды.

3.2. Осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған Сақтандыру полисі бойынша мынадай тәуекел сақтандырылады:
Мынадай оқиғалар нәтижесінде автомобиль көлігінің **жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы**:
1) **жол-көлік оқиғасы (ЖКО):** жолда автомобиль көлігінің қозғалысы барысында және оның қатысуымен орын алған оқиға, оның нәтижесінде басқа автомобиль көлігімен соқтығысу, қозғалып келе жатқан немесе қозғалмай тұрған заттарды (құрылыстарды, кедергілерді, құстарды, жануарларды) қағып кету (соғу), басқа көлік құралының қозғалыссыз тұрған сақтандырылған көлік құралына соғылуы, аударылуы, суға кетуі;
2) **үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-әрекеттері:** угон, разбой, грабеж, кража, поджог или подрыв автомобильного транспорта и уничтожение либо повреждение, связанное с угоном, разбоем, грабежом, кражей, поджогом или подрывом либо попыткой угона, разбоя, грабежа, кражи, поджога или подрыва автомобильного транспорта;
3) **дүлей апаттар**[1]: дауыл, теңіз дауылы, бұршақ, найзағайдың түсуі, жер сілкінісі, таудың опырылуы, көшкін, су тасқыны, су басу;
4) **өзге де күтпеген оқиғалар**: өзге де күтпеген оқиғалар: өрт, жарылыс, мұздың астына түсіп кету, су құбыры, жылу беру немесе кәріз жүйелерінің зақымдануы, алда келе жатқан автомобиль көлігінің дөңгелектерінің астынан ұшқан тастардың тиюі, автомобиль көлігіне

[1] Дүлей апат – салдарынан төтенше жағдай туындаған апат.

бөгде объектінің немесе заттың құлауы немесе түсуі, атап айтқанда: ғимараттар мен құрылыстардың шатырларынан шатыр темірінің, қардың немесе мұздың құлауы, бағаналардың, ағаштардың және олардың бұтақтарының құлауы;
5) **жеңіл алынатын бөлшектерді ұрлау**, атап айтқанда: айналар, әйнек тазалағыштар, дөңгелектер/сыртқы қосалқы дөңгелек, антенналар, молдингтер, эмблемалар (белгілер), терезе дефлекторлары.
3.3. Сақтанушы қосымша опция таңдауға құқылы. Сақтанушының таңдауы Сақтандыру полисінде қосымша опцияның болуымен расталады. Опциялардың мазмұны:
1-опция: Мамандандырылған ТҚКС-та жөндеу - бұл опция көлік құралы зақымданған кезде ғана қолданылады және сақтандырылған көлік құралы толық жойылған жағдайларға қолданылмайды. Мамандандырылған ТҚКС-да жөндеу жүргізілген кезде амортизациялық тозу есепке алынбайды және сақтандыру төлемінен шегерілмейді. Сақтандыру тек Сақтандырушы таңдаған мамандандырылған ТҚКС-да жүргізілетін жөндеуді ғана қамтиды.
2-опция: ЖКО орнына эвакуатор (Сақтанушы көрсеткен межелі жерге дейін бір жолғы тасымалдау). Бұл опция тек сақтандырылған көлік құралына ғана қолданылады. Осы опцияға сәйкес, сақтандыру жағдайы орын алғаны туралы Сақтанушы хабарлаған кезде эвакуатор қызметінің құнын Сақтандырушы төлейді.
3-опция: Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін сақтандыру сомасын қалпына келтіру. Осы опцияға сәйкес, көлік құралы толық жойылған жағдайда толық көлемде төлем жүзеге асырылған жағдайды қоспағанда, сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін сақтандыру сомасының мөлшері азайтылмайды.
4-опция: Сақтандырылушының кінәсінен емес ЖКО туындаған кезде франшиза туралы шарт қолданылмайды, мынадай шарттар сақталған кезде:
а) Сақтандырылушы екі және одан да көп көлік құралының соқтығысуы кезінде болған ЖКО-ға кінәлі емес;
б) ЖКО кінәлісі анықталған;
в) сақтандырылған көлік құралының ішінара ғана зақымдануы орын алған;
г) Сақтандырылушы сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға өтуін құжатпен қамтамасыз етті. Шарт қойылмайтын франшизаны қолданбау туралы талап сақтандырылған көлік құралы толық жойылған кезде қолданылмайды.
3.4. Осы баптың **3.2**-тармағында көрсетілмеген оқиғалар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және олар бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды. Сонымен қатар, табиғи апаттардың, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінің және өзге де күтпеген оқиғалардың тізбесі кеңейтілген түрде түсіндіруге жатпайды.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

4.1. Автомобиль көлігінің мынадай түрлері сақтандыруға қабылданбайды:
1) техникалық ақаулы;
2) жинақтамасы бұзылған – конструкциясында қарастырылған бір немесе бірнеше шанақ бөлшектері (капот, есік, шанақтың немесе кабинаның есік құлпы, цистерна мойнының бекіткіші, жанармай багының тығыны) жоқ немесе бір немесе бірнеше әйнегі, сыртқы жарық шамдары, дөңгелектері, шиналары жоқ көлік құралдары;
3) шанақ пен лак-бояу жабынының едәуір коррозиялық немесе механикалық зақымдануы бар автомобиль көлігі. Шанақтың едәуір коррозиясы деп металдың түсуімен немесе дәнекерленген қосылыстардың коррозиясымен өтпелі коррозия түсініледі. Едәуір

механикалық зақымданулар деп нәтижесінле автомобиль көлігі пайдалануға жарамсыз болған механикалық зақымданулар түсініледі;
4) шанағының, қозғалтқышының нөмірі жоқ не олар тіркеу құжаттарына сәйкес келмейтін автомобиль көлігі;
5) Қазақстан Республикасына кіру кезінде кедендік ресімдеу рәсімінен өтпеген автомобиль көлігі;
6) сақтандырылған автомобиль көлігінде болған антикварлық және бірегей заттар, бағалы металдардан, жартылай бағалы және сәндік тастардан жасалған бұйымдар, коллекциялар, қолжазбалар, суреттер, діни ғибадат заттары, ақша белгілері, бағалы қағаздар, құжаттар, фотосуреттер, атыс қаруы мен жарылғыш заттар, сондай-ақ Сақтандырылушыға және оның отбасы мүшелеріне тиесілі емес заттар немесе сатуға арналған не кәсіпкерлік қызметке байланысты заттар;
7) автомобильде орнатылған антирадарлар, автомагнитолдың алмалы-салмалы панельдері, алмалы-салмалы автомагнитолдар, бейне техника, компьютерлер және басқа да ұқсас жабдықтар (егер олар қосымша жабдық ретінде сақтандырылмаса);
8) сақтандырылған көлік құралының зауыттық жиынтығына кірмейтін кез келген мүлік, сыртқы айналар (егер олар қосымша опция бойынша сақтандырылмаған болса).

4.2. Сақтанушы осы ережелерге сәйкес Сақтандыру полисін жасай отырып, мыналарға кепілдік береді:
1) автомобиль техникалық ақаусыз екендігіне;
2) автомобильдің жинақтамасының бұзылмағанына;
3) автомобильдің шанағы мен лак-бояу жабынының едәуір коррозиялық немесе механикалық зақымдануы жоқ. Шанақтың едәуір коррозиясы деп металдың түсуімен немесе дәнекерленген қосылыстардың коррозиясымен өтпелі коррозия түсініледі. Едәуір механикалық зақымданулар деп автомобиль көлігі пайдалануға жарамсыз болған кезде механикалық зақымданулар түсініледі;
4) автомобильдің шанақ, қозғалтқыш нөмірі, сондай-ақ шанақ және қозғалтқыш нөмірі тіркеу құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкес келеді;
5) автомобиль Қазақстан Республикасына кіру кезінде кедендік ресімдеу рәсімінен өтті.

4.3. Егер автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы төменде көрсетілген бір немесе бірнеше фактілер болған кезде болса, сақтандыру жағдайы болып табылмайды және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дұшпандық іс-әрекеттері; әскери немесе соларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
2) бүлік; ереуілдер; локауттар; халық көтерілісіне дейін көлемге ие болатын немесе өсетін азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; төңкеріс; билікті әскери басып алу немесе озбырлықпен басып алу; тәркілеу; мүлікті реквизициялау немесе мемлекет иелігіне алу; террористік акциялар[2];
3) радиоактивті сәулелену немесе радиоактивті отынмен немесе атом отынын жағудан болған радиоактивті қалдықтармен ластану;
4) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының не автомобиль көлігін басқаруға жіберілген өзге де тұлғалардың қасақана іс-әрекеттері;
5) Сақтанушының, Сақтандырылушылардың немесе басқаруға жіберілген өзге де тұлғалардың алкогольдік, уыттылық немесе есірткілік мас болу күйінде немесе қолданылуы автомобиль көлігін басқаруға қарсы көрсетілгендердің дәрі-дәрмектерінің әсерімен жүргізуі;

[2] «террористік акция» - терроризм мақсаттарына қол жеткізуге және террористік сипаттағы өзге де қылмыстар жасауға бағытталған әрекеттердің жиынтығы.

6) автомобиль көлігін басқару не тиісті санаттағы автомобиль көлігін басқару құқығына жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаға беру;
7) Сақтандырылушы ретінде Сақтандыру полисінде көрсетілмеген тұлға автомобиль көлігін басқарған кезде;
8) автомобиль көлігін сынақтарда, спорттық немесе оқу мақсаттарында пайдалану;
9) автомобиль көлігін заңсыз мақсаттарда немесе Сақтандыру полисінде көрсетілгеннен өзгеше мақсаттарда пайдалану;
10) Сақтандырушының жазбаша келісіміңсіз автомобиль көлігін жалға, лизингке немесе прокатқа беру;
11) Сақтанушының, Сақтандырылушының немесе басқаруға жіберілген өзге де тұлғаның автомобиль көлігін (көлік құралдарын) пайдалану ережелерін бұзуы, оның ішінде белгіленген тәртіппен техникалық байқаудан өтпеген техникалық ақаулы автомобиль көлігін, автомобиль көлігін пайдалану, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі қағидаларын, өрт қауіпті және жарылыс қауіпті заттар мен заттарды тасымалдау және сақтау қағидаларын, сақтандыру жағдайына себеп болған жүктерді тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік талаптарын (Жол жүрісі қағидаларына сәйкес) бұзу;
12) Сақтандыру аумағынан тыс сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңінің басталуы;
13) осы Ережелерде сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиғалар;
14) Сақтанушы, Сақтандырылушы немесе көлікті басқаруға рұқсат етілген тұлға ЖКО орнын көлікпен немесе көліксіз қалдырған жағдайда, мақсаттарына, ниетіне, себептері мен жағдайларына қарамастан, әкімшілік жауапкершілікке тартылуына немесе тартылмауына байланысты қаралмайды, тек ЖКО орнын қалдыру зардап шеккен тұлғаға медициналық көмек көрсету қажеттілігімен байланысты болған жағдайларды қоспағанда;
15) баяу әсер ететін себептер, соның ішінде, бірақ тек онымен шектелмей, тозу, қышқылдану, коррозия, зең, саңырауқұлақ, ылғалды немесе құрғақ шірігендік, біртіндеп нашарлау, жасырын ақаулар, туа біткен кемшіліктер, баяу дамитын деформация немесе бұрмалану, жәндіктер қалдықтары, кез келген паразит/микроб әрекеті және кеміргіштердің зияны, зауыттық ақау;
16) шатырдың немесе люктердің ағуы (егер шатыр немесе люктер орын алған сақтандыру жағдайының нәтижесінде зақымданған болмаса) немесе әйнектерді ашық қалдыру;
17) жобадағы (дизайндағы), ерекшеліктердегі, өндірістегі, материалдардағы қателер мен есептен жаңылысулар;
18) көлік құралының тасымалданатын жүкпен зақымдануы;
19) автомобиль көлігінің бөліктерін уақытылы немесе тікелей сақтандыру жағдайынан кейін ұрлау немесе талан-таражға салу;
20) дербес орнатылған электр және өзге де жабдықтың, оның ішінде электр сымының немесе дербес орнатылған қосымша жабдықтың тұйықталуынан автомобиль көлігінің ақаулығы салдарынан туындаған өрт;
21) автомобиль көлігін көліктің кез келген түрімен тасымалдау/тіркеп сүйрету;
22) автомобиль көлігінің қозғалтқышын жылыту үшін ашық от көздерін пайдалану;
23) кез келген себеп бойынша, сақтандыру жағдайы кезінде немесе тікелей оның алдында автомобиль көлігіндегі жолаушылардың жалпы саны автомобиль көлігінің осы моделі үшін белгіленгеннен барынша асып кеткен және/немесе автомобиль көлігін тиеудің шекті нормаларынан асып кеткен;
24) сақтандырылған автомобиль көлігін онда қалдырылған тіркеу құжаттарымен (көлік құралын тіркеу туралы куәлікпен және/немесе оның кілттерімен бірге ұрлау (айдап әкету);

25) егер бұл ретте сақтандырылған КҚ құлыптарын ауыстыру және сигнализацияны қайта бағдарламалау жүзеге асырылмаса, Сақтандырушыны сақтандырылған КҚ кілттерін жоғалтқаны туралы хабардар етпеу;
26) ЖКО кезінде сақтандырылған көлік құралын басқарған сақтандырылушы, жол полициясы қызметкерлері сақтандыру жағдайын ресімдеген сәттен бастап 6 сағат ішінде мас болу мәніне медициналық куәландырудан (сараптамадан) өтпеген;
27) жылдың осы уақытына және осы орынға тән әдеттегі ауа райы және табиғи жағдайлардың/құбылыстардың әсер етуі;
28) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының қасақана, сондай-ақ жәбірленушінің өрескел абайсыздығы нәтижесінде;
29) Сақтандырылған көлік құралын құқыққа қарсы иеленген тұлғаның зиян келтіруі нәтижесінде Сақтанушының/Сақтандырылушының жауапкершілігі;
30) автокөлік құралын өртеу немесе жару нәтижесінде автокөлік құралының жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі, егер автокөлік құралын өртеу немесе жару үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінің салдарынан туындамаса;
31) егер автокөлік құралының жарылуы жол-көлік оқиғасы болған жерде орын алмаса және оның салдары болып табылмаса, сондай-ақ автокөлік құралының жарылуы үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерінің нәтижесінде туындамаған жағдайда;
32) көлік құралының өздігінен жануы;
33) Сақтандырушының алдын ала жазбаша келісімінсіз сақтандырылған көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізу немесе қосымша жабдықты орнату;
34) сақтандырылған көлік құралының сақталуын қамтамасыз ету шараларын қолданбау;
35) Сақтандырушының және тәуелсіз сарапшының/бағалаушының зақымданған көлік құралын тексеруіне дейін көлік құралына жөндеу жүргізуі;
36) зақымданудың сипаты мен орналасуының мәлімделген оқиғаға сәйкес келмеуі;
37) автомобиль көлігінің жоғалуы (жойылуы) немесе зақымдануы отын жүйесінің бұзылуы нәтижесінде көлік құралының тұтануы себебінен болған;
38) төмендегілердің нәтижесінде автокөлік құралының жануы:

- жарылыс қаупі бар тұтанғыш заттарды, жанар-жағармай сұйықтықтарын, газ баллондарын және отыны бар канистрлерді тасымалдау;
- қосымша жабдықтарды, магнитолдарды/күшейткіштерді, сигнализацияны және ресми дилерде орнатылмаған және көлік құралының базалық жиынтығында көзделмеген өзге де қосымша жабдықтарды орнату жолымен электр жүйесіне араласу;
- көлік құралына газ баллондық қуат беру жүйесін орнату.

4.4. Сақтандыру жағдайы болып табылмайды:
1) құрал-саймандар жиынтығын, дәрі қобдишасын, өрт сөндіргішті, апаттық тоқтату белгісін, тұрақты айдап әкетуге қарсы құралдарды ұрлаудан, зақымдаудан, жоюдан туындаған залалдар, егер оларды дайындаушы зауыт орнатса немесе қосымша жабдық ретінде сақтандырылмаса;
2) егер бұл ретте осы сақтандыру жағдайынан туындаған автомобиль көлігінің басқа тораптары мен бөлшектерінің зақымдануы болмаса, шиналардың немесе дөңгелек дискілерінің зақымдануынан болған залалдар;
3) тіркеу белгілерін ұрлаудан туындаған залалдар;
4) автомобиль көлігін пайдалану нәтижесінде оның бөлшектерінің, тораптары мен агрегаттарының сынуынан, істен шығуынан, бқзылуынан, оның ішінде агрегаттардың ішкі қуыстарына бөгде заттар мен заттардың түсуі салдарынан болған залалдар;
5) автомобиль көлігінің, қосымша жабдықтың табиғи тозуымен байланысты шығындар;

6) жүк автомобильдерін, жеңіл автомобильдердің жүк модификацияларын, тіркемелер мен жартылай тіркемелерді сақтандыру кезінде - тентті зақымдаудан немесе ұрлаудан туындаған залалдар;
7) жануарлардың әрекеттерінен және қысқа тұйықталудан туындаған залалдар;
8) Сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру оқиғасы нәтижесінде алынған сақтандырылған көлік құралының тауарлық құнын жоғалтудан болған залалдар өтелмейді;
4.5. Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы іс-әрекеттері тәуекелі бойынша сақтандыру кезінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылуы кезеңінде қамтамасыз етуі тиіс:
1) автомобиль көлігі айдап әкетуге қарсы дабылмен жабдықталуын;
2) автомобиль көлігін қараусыз қалдырған кезде барлық құлыптардың жабылуын, айдап әкетуге қарсы сигналды іске қосуды;
3) көлік құралында техникалық паспортты және кілттерді қалдырмауды.
4.6. Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға) осы баптың **4.5**-тармағында көрсетілген талаптарды сақтамаған жағдайда, Сақтандырушы үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері тәуекелі бойынша сақтандыру жағдайына байланысты сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.
4.7. Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
1) жанама және коммерциялық шығындар, оның ішінде тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды жүргізу (қызметтер көрсету) мерзімдерінің, келісімшарттар (шарттар) бойынша өзге де міндеттемелердің бұзылуына байланысты шығындар (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және т.б.), ұтылған пайда; сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын өзге де шығыстар (әкімшілік айыппұлдар және өзге де мемлекеттік төлемдер; жалға алынған автомобиль көлігін пайдаланғаны үшін төлемдер; жөндеу кезінде қонақ үйде тұрғаны үшін төлемдер; іссапар шығыстары; табысты жоғалту; тұрып қалудан туындаған шығыстар; тұрақ және күзет төлемдері, зақымданған автомобиль көлігін тасымалдау шығындары (егер Сақтандыру полисінің шарттарына сәйкес Эвакуатор опциясы таңдалмаған болса);
2) моральдық зиян;
3) сот шығындары;
4) тауар құнының жоғалуы.
4.8. Егер Сақтандыру полисін жасау сәтінде сақтандырылған көлік құралдары толық жарамды күйде болмаса және сақтандырылған көлік құралдарын басқарудың және іске қосудың түпнұсқалық кілттерінің, электрондық пульттерінің толық жиынтығы (өндіруші зауыттың жиынтығына сәйкес) болмаса, осы сақтандырумен өтелмейді және Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды.
4.9. Осы Ережелерге сәйкес жазып берілген сақтандыру полисі сақтандырылған көлік құралына мынадай оқиғалар салдарынан немесе болған кезде немесе әсер еткен кезде тікелей немесе жанама келтірілген залалды өтемейді:

- кез келген зымырандар, снарядтар, миналар, торпедалар, бомбалар, жаппай қырып-жоятын қарулар және басқа да қару-жарақ/құралдардың, машиналардың, кемелердің/басқа жүзетін құралдардың, техника, дрондар, роботтар, техникалық құралдар, жабдықтардың, соғыста, әскери әрекеттерде, арнайы операцияларда, бейбітшілік орнату акцияларында, кез келген қақтығыстарда, көтерілістерде, тәртіпсіздіктерде, революциялар мен төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, араласуларда қолданылған немесе қолданылғаннан кейін қалған құралдардан туындаған әсерлер.

4.10. Осы Ережелерге сәйкес жазылып берілген Сақтандыру полисі сақтандырылған көлік құралына мынадай жағдайларда тікелей немесе жанама түрде келтірілген зиянды қамтымайды:

1) соғыс жариялағанына немесе жарияланбағанына қарамастан, әскери іс-қимылдар;
2) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгершілер жүргізетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, іс-қимылдар;
3) жаппай тәртіпсіздіктер, төңкерістер, конфронтациялар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
4) терроризмге қарсы операциялар;
5) бітімгершілік операциялар;
6) төтенше жағдай;
7) комендanттық жағдай;
8) соғыс жағдайы;
9) қозғалысты шектеу режимдері;

4.11. Осы Ережелерге сәйкес жазылып берілген Сақтандыру полисі төменде аталғандардың нәтижесінде туындаған зиян немесе жоғалтуды сақтандыру арқылы қорғаумен өтелмейді:

- Сақтандырылған мүлікті тәркілеудің, мемлекет иелігіне алудың, басып алудың, ұстап қалудың, тыйым салудың, жоюдың, меншікке берудің, реквизициялаудың немесе кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе де-факто) немесе қоғамдық немесе жергілікті билік орындарының пайдалануы үшін;
- Кез келген басқа шарттарға қарамастан, сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сақтандыру жағдайы белгілері бар оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы Сақтанушыға немесе басқа тұлғаға ешқандай төлемдер немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және ешқандай қызмет көрсетпейді, себебі бұл қамту, төлем, қызмет немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе басқа әрекеті қолданылатын заңдар немесе сауда мен экономикалық санкциялар туралы нормативтік-құқықтық актілерді бұзумен байланысты болып табылады.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

5.1. Сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

5.2. Автомобиль көлігін сақтандыру кезінде сақтандыру сомасы Сақтандыру полисін жасау сәтіндегі оның нақты құнынан (нарықтық-сақтандыру құнынан) аспауы тиіс.

5.3. Нақты құн деп оның моральдық және физикалық тозуын ескере отырып не осы жердегі ұқсас автомобиль көлігінің нарықтық құнын негізге ала отырып не Сақтандыру полисін жасасу кезіндегі оның нарықтық құнын негізге ала отырып не сауда ұйымы берген анықтама-шот негізінде сақтандырылған көлік құралымен бірдей маркадағы жаңа автомобиль көлігінің құны түсініледі.

5.4. Сондай-ақ нақты құны автомобиль көлігінің бастапқы құнын және амортизациялық есептеуді (тозуды), пайдалану мерзімін, техникалық жай-күйін және автомобиль көлігінің тауарлық түрін ескере отырып айқындалуы мүмкін.

5.5. Тараптар Сақтандыру полисінде көрсетілген автомобиль көлігінің сақтандыру құнын даулай алмайды, тек Сақтандырушы Сақтанушының қасақана жаңылыстырғанын дәлелдейтін жағдайларды қоспағанда.

5.6. Егер Сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, Сақтандыру полисі сақтандыру сомасының Сақтандыру полисі жасалған сәттегі сақтандыру құнынан асатын бөлігінде жарамсыз болып табылады.

5.7. Егер Сақтандыру полисін жасасу сәтінде сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан төмен белгіленсе, сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатынасына барабар сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде сақтанушы (сақтандырылушы) шеккен нақты залалдың бір бөлігі мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
Сақтандыру сомасы Сақтандыру полисін жасасу сәтіндегі автомобиль көлігінің нақты құнынан аспайтын мөлшерде айқындалады.
5.8. Сақтандыру полисі бойынша жалпы сақтандыру сомасы сақтандыруға қабылданған әрбір объект (сақтандырылған автомобиль көлігі) бойынша жеке сақтандыру сомаларынан құралады.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ. ФРАНШИЗА

6.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру полисімен белгіленеді және Сақтанушы Сақтандырушыға соңғысының сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасын білдіреді.
6.2. Сақтандыру полисімен жалпы сақтандыру сыйлықақысы белгіленеді.
6.3. Сақтандырушы төленуге тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде тәуекел факторларына қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне жоғарылату және төмендету коэффициенттерін пайдалануға құқылы: шығарылған жылы, сигнализацияның болуы, коммерциялық мақсаттарда пайдалану.
6.4. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы Сақтандыру полисіне сәйкес қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз нысанда мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бір мезгілде немесе бөліп-бөліп төлеуге тиіс.
6.5. Сақтанушы Сақтандыру полисінде ескертілген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлемеген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру полисін бір жақты тәртіппен, жай хабарлау жолымен бұзуға не сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.
6.6. Сақтандыру полисі мөлшері Сақтандыру полисінде көрсетілетін шарт қойылмайтын франшизамен жасалады.

7. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

7.1. Сақтандыру полисі Сақтандырушының «КЖ/ТҚ және ЖҚЖҚТҚ қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау қағидаларына» сәйкес тиісті тексеруді жүргізу үшін қажетті талаптар сақтала отырып жасалады.
Сақтанушы сақтандыру полисін жасасқанға дейін Сақтандырушыға хабарлауға міндетті:
1) егер Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) жария лауазымды тұлға, оның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы болып табылса;
2) оның жүзеге асыратын операциясы КЖ/ТҚ және ЖҚЖҚТҚ байланысты емес екенін. Қажет болған жағдайда, Сақтанушы Қазақстан Республикасының КЖ/ТҚ және ЖҚЖҚТҚ-ға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнама талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұрататын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндеттенеді.
7.2. Сақтандыру полисі Сақтанушының Сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген осы Сақтандыру ережелеріне қосылуы (қосылу шарты) және Сақтандырушының Сақтанушыға Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша Сақтанушы қол қойған, Сақтандыру полисінің ажырамас бөлігі болып табылатын сақтандыруға арналған өтініш-сауалнама негізінде сақтандыру полисін ресімдеуі арқылы жазбаша нысанда жасалады.
7.3. Сақтандыру полисі Сақтандырушының және/немесе Сақтандырушының серіктесі болып табылатын басқа да ұйымдардың интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу жолымен

электрондық нысанда жасалуы мүмкін. Сақтандырушының/Сақтандырушы серіктесінің интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы осы Ережелермен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу жағдайында бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, осылайша, Сақтанушы өзіне ұсынылған талаптармен Сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген осы Сақтандыру ережелеріне қосылу арқылы сақтандыру шартын (қосылу шарты) жасасуға келісімін растайды.

7.4. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу ықтималдығын және оның салдарынан туындайтын мүмкін болатын шығындардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтауда маңызды мәнге ие болатын өзіне белгілі жағдайларды хабарлауға міндетті.

7.5. Мынадай мән-жайлар елеулі деп танылады:

1) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның толық атауы;
2) тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, телефон, факс нөмірі, банктік деректемелері;
3) Сақтандырылушы мен Пайда алушы туралы көрсету;
4) автомобиль көлігін басқаруға рұқсат берілген тұлғалар туралы мәліметтер;
5) сақтандыру аумағы туралы көрсету;
6) сақтандырылатын автомобиль көлігінің тізбесі, олардың сипаттамалары;
7) автомобиль көлігін пайдалану мақсаты туралы көрсету;
8) көлік құралының техникалық жай-күйі;
9) автомобиль көлігін пайдалану негіздері (меншік құқығы; жедел басқару құқығы; жалдау, жалға алу шарты; сенімхат бойынша);
10) сақтандыруға жататын автомобиль көлігінде Сақтандыру полисін жасау сәтінде болған зақымданулар мен ақаулар;
11) басқа тұлғалар тарапынан автомобиль көлігіне қатысты шағымдардың, сот талаптарының болуы туралы немесе сот шешімдерінің болуы туралы мәліметтер;
12) дербес орнатылған электр және өзге де жабдықтардың болуы, электрондық айдап әкетуге қарсы сигнализация жүйесінің болуы туралы мәліметтер;
13) басталуына сақтандыру жүзеге асырылатын сақтандыру жағдайларының тізбесі;
14) автомобиль көлігінің сақтандыру және нақты құны;
15) сақтандыру сомасының мөлшері;
16) Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі;
17) сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі (бір мезгілде, бөліп-бөліп төлеу);
18) өтініш-сауалнамада көрсетілген өзге де ақпарат.

7.6. Сақтанушы сақтандыруға қабылданатын автомобиль көлігіне қатысты сақтандыру тәуекелін анықтау мақсатында оған Сақтандырушы қойған өзге де сұрақтарға жауап беруге міндетті.

7.7. Өтініш-сауалнамада көрсетілуге тиіс мәліметтер мен мән-жайлардың дұрыстығы мен толық еместігі үшін Сақтанушы жауапты болады. Жекелеген шарттарының толық болмауы салдарынан өтініш-сауалнамада көрсетілген мазмұн бойынша дау туындаған жағдайда, дау Сақтандырушының пайдасына шешіледі.

7.8. Егер өтініш-сауалнамада шындыққа сәйкес келмейтін деректер мен ақпарат ұсынылған жағдайда, онда Сақтандыру полисі жасалмаған деп танылады және төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.

7.9. Сақтандырушы, егер Сақтанушы жасырған мән-жайлар жойылған болса, Сақтандыру полисін жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы емес.

7.10. Қажет болған жағдайда Сақтанушы сақтандыруға ұсынылатын автомобиль көлігіне меншік құқығын (пайдалану, иелену және/немесе билік ету құқығын) растайтын және оның құны мен оны сипаттайтын деректерді куәландыратын құжаттарды қоса беруі тиіс.

7.11. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан автомобиль көлігіне тексеру жүргізу, КҚ суретке түсіру мүмкіндігін қамтамасыз етуді талап етуге құқылы.
7.12. Сақтандырушы автокөлік құралының бар-жоғын және жай-күйін тексеруге (қарап-тексеруге), Сақтанушының автокөлік құралы туралы ұсынған мәліметтерінің дұрыстығын тексеруге, ал қажет болған жағдайда оның нақты құнын және тәуекел дәрежесін анықтау мақсатында сараптама тағайындауға құқылы.
7.13. Сақтандыру полисіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді, Сақтандыру полисінің талаптарына кез келген өзгерістер ескі Сақтандыру полисін бұзу және жаңа Сақтандыру полисін жасасу арқылы ресімделеді.
7.14. Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында Сақтандыру полисін жасау кезінде келісімге қол жеткізілуі тиіс:

- сақтандыру объектісі болып табылатын белгілі бір мүлік не өзге де мүліктік мүдде туралы;
- басталған жағдайда сақтандыру (сақтандыру жағдайы) жүзеге асырылатын оқиғаның сипаты туралы);
- сақтандыру сомасының мөлшері туралы;
- Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі туралы.

7.15. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтанушы Сақтандырушының факсимильдік құралдарды (факсимиле) және/немесе қолтаңбаны және/немесе мөрді электрондық көшіруді пайдалана отырып Сақтандыру полисін жасау мүмкіндігімен келіседі және мұндай Сақтандыру полисін Тараптар түпнұсқа ретінде таниды.

8. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

8.1. Сақтандыру полисі Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны бөліп-бөліп төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
8.2. Сақтандыру арқылы қорғаудың қолданылу кезеңі Сақтандыру полисінің қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.
8.3. Сақтандыру полисінің қолданылу орны (сақтандыру аумағы) Сақтандыру полисінде көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

9. ҚОСАРЛАНҒАН САҚТАНДЫРУ

9.1. Қосарланған сақтандыру - әрқайсысымен дербес шарттар бойынша бір объектіні бірнеше сақтандырушыда сақтандыру.
9.2. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының) алдында онымен жасалған Сақтандыру шарты шегінде мүліктік жауапкершілікте болады, алайда Пайда алушының барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауға тиіс.
9.3. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін қосарланған сақтандыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру төлемі мәселесін өзге сақтандыру компанияларында реттеуге қатысты барлық мәліметтерді, оның ішінде өзге сақтандыру компанияларынан алынған сақтандыру төлемінің мөлшері туралы мәліметтерді беруге міндетті.
9.4. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтауға, басқа сақтандыру компанияларымен бірлесіп сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін айқындауға құқылы.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. Сақтанушы құқылы:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;
2) сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер ол Сақтандыру полисі бойынша Пайда алушы болып табылса, сақтандыру төлемін алуға;
3) Сақтандыру полисі жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алуға;
4) осы Ережеде белгіленген тәртіппен Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзуға;
5) сақтандыру құпиясының сақталуын талап етуге;
6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға

10.2. Сақтанушы міндетті:

1) Сақтанушыға тиісті тексеру жүргізу шеңберінде Сақтандырушы сұрататын барлық құжаттарды ұсынуға;
2) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға;
3) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сондай-ақ Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер Сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, дереу хабарлауға. Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер елеулі болып танылады;
4) автомобиль көлігінің басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалатын барлық Сақтандыру шарттары (Сақтандыру полистері) туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
5) Сақтандыру полисінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
6) Сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелінің жай-күйі туралы дереу хабардар етуге;
7) Сақтандырылушылардың назарына осы Сақтандыру ережесінің талаптарын жеткізуге;
8) Сақтандыру ережелерінің шарттарын орындауға (Сақтандырылушылардың Сақтандыру ережесінің талаптарын бұзуы Сақтанушының өзінің сақтандыру шарттарын бұзуы деп бағаланады);
9) Сақтандыру ережелерінде белгіленген мерзімдерде және тәртіппен сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Сақтандырушыға хабарлауға;
10) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды болғызбау немесе азайту жөнінде барлық мүмкін және орынды шараларды қолдануға;
11) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы шешуге мүмкіндік беретін өзінде бар барлық ақпаратты беруге;
12) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға суброгация тәртібімен талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге;
13) сақтандыру төлемін алған жағдайда Сақтанушының келтірілген залалды толық көлемде өтемеген жағдайларды қоспағанда, кінәлі тұлғадан залал құнын алуға құқығы жоқ, бұл жағдайда Сақтанушы кінәлі тұлғадан сақтандыру төлемі мен залал сомасы арасындағы жетіспейтін айырманы өндіріп алуға құқылы;

14) осы Ережелердің 10-бабы 10.2-тармағының 13) тармақшасы бұзылған жағдайда сақтандыру төлемінің сомасын қайтаруға және келтірілген залалды өтеуге;
15) Сақтанушы Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін жинауға және өңдеуге, дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі өткенге дейін айқындайды. Дербес деректерді пайдалану Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандыру полисінің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызметінің мақсаттарын іске асыру үшін жүзеге асырылады;
16) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) деректерді Сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорға/дерекқордан, оның ішінде мемлекеттік дерекқордан, мемлекеттік органдардың және оларға ведомстволық бағынышты ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен сақтандыру қызметтерін алу және өзге іскерлік қатынастар орнату үшін қажетті мәліметтерді алу мақсатында беруге және алуға келісімін растайды;
17) Сақтанушы Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуге жазбаша келісімін, дербес деректерді трансшекаралық беруге, сондай-ақ мемлекеттік дерекқордан, мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық бағынышты ұйымдардан сақтандыру қызметтерін алу және өзге де іскерлік қатынастар орнату үшін қажетті мәліметтерді алу мақсатында деректерді Сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорға/дан беруге және алуға келісімді қоса алғанда, талап етуге міндетті;
18) Сақтанушы Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылушының (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуге Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің болмағаны үшін, дербес деректерді трансшекаралық беруге және деректерді Сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқорға/дерекқордан беруге және алуға, оның ішінде мемлекеттік дерекқордан, мемлекеттік органдардың және оларға ведомстволық бағынышты ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен сақтандыру қызметтерін алу және өзге де іскерлік қатынастар орнату үшін қажетті мәліметтерді алу мақсатында келісім болмаған жағдайларды қоса алғанда, жауапты болады;
19) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:

- тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
- азаматтығы,
- электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген жеке басын куәландыратын құжаттың деректері,
- биометриялық деректер,
- жеке сәйкестендіру нөмірі,
- туған күні мен жері,
- тұрғылықты жері,
- телефон нөмірі,
- электрондық пошта мекенжайы,
- сурет,
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес сақтандыру шартын жасау үшін қажетті өзге де мәліметтер.

20) Сақтанушы Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге де дерекқорларда және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, Интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының мобильді қосымшаларында, сондай-ақ Интернет-ресурстарда, мобильді қосымшаларда, олардың серіктестерінің әлеуметтік желілерінде сақталатын дербес деректерін жинауға және өңдеуге өзінің келісімін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімін растайды;
21) Егер Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылмаса, Сақтандырылушының Сақтандыру полисін жасауға жазбаша келісімін алғанын Сақтанушы растайды;
22) Жол полициясы қызметкерлері сақтандыру жағдайын ресімдеген сәттен бастап 6 (алты) сағат ішінде мас болу (есірткіге, алкогольге, уытқұмарлыққа және т.б.) мәніне медициналық куәландырудан өтуге, олай болмаған жағдайда сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.
23) Сақтандырушының сұрау салуы бойынша құжаттарды, сондай-ақ тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті қосымша ақпаратты ұсынуға.

10.3. Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтанушыдан клиенттерге тиісті тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды талап етуге;
2) Сақтандыру полисін жасау кезінде автомобиль көлігін қарауды, суретке түсіруді жүргізуге, ал қажет болған жағдайда - оның нақты құнын белгілеу мақсатында сараптама тағайындауға;
3) Сақтанушының (Сақтандырылушының) берген ақпараты мен құжаттарын, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандыру полисінің талаптары мен шарттарын орындауын тексеруге;
4) зақымданған автомобиль көлігін тексеріп қарауға қатысуға;
5) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын өз бетінше анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салуға;
6) Сақтанушыдан немесе Сақтандырылушыдан сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;
7) Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе оның уәкілетті тұлғасы сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін және Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамаған жағдайда, сондай-ақ Сақтанушы Сақтандыру полисінің шарттарын орындамаған не оқиға сақтандыру жағдайы деп танылмаған жағдайда, бұл туралы Сақтанушыны (Сақтандырылушыны/Пайда алушыны) жазбаша хабардар ете отырып, сақтандыру төлемінен бас тартуға;
8) тәуекелдің туындауына ықпал ететін мән-жайлардың болуын кез келген уақытта инспекциялауға және тексеруге;
9) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда Сақтандыру полисінің шарттарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға.

10.4. Сақтандырушы міндетті:

1) Сақтанушыны сақтандыру шарттарымен таныстыруға;
2) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандыру полисінде және Сақтандыру ережелерінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
3) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды азайту үшін ол жұмсаған ақылға қонымды және орынды шығыстарды өтеуге;
4) сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны тіркеуге;

5) сақтанушының өтініші бойынша ұсынылған құжаттардың тізбесін және оларды қабылдау күнін көрсете отырып анықтама беруге;
6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге;
7) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушының өтеуіне жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға.
8) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:

- Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында (бұдан әрі - ҚМА) жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалар мен ұйымдардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша - ЖҚЖҚТҚ тізбесі) болуы;
- Сақтанушының/Сақтандырылушының тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ сақтандырушының сұрау салуы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбауы;
- ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен операцияның КЖ /ТҚ және ЖҚЖҚТҚ мақсатында жасалады деп болжауға негіз болған жағдайда.

11. САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ КЕЗЕҢІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ҰЛҒАЮЫНЫҢ САЛДАРЛАРЫ

11.1. Сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға Сақтандыру полисін жасау кезінде Сақтандырушыға хабарланған жағдайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер ететін болса, дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
11.2. Кез келген жағдайда мынадай өзгерістер мен мән-жайлар елеулі деп танылады:
1) автомобиль көлігін сақтандыру аумағынан тыс пайдалану;
2) автомобиль көлігін жалға, лизингке, прокатқа беру, кепілге беру немесе өзге де ауыртпалық салу, автомобиль көлігін пайдалану сипатындағы елеулі өзгерістер, есептен шығару, жол полициясы органдарында қайта тіркеу;
3) автомобиль көлігін сату немесе басқасына ауыстыру, шанақты/қозғалтқышты ауыстыру, қосымша жабдықты орнату;
4) автомобиль көлігін пайдалану мен сақтаудың сипаты мен мақсаттарындағы елеулі өзгерістер;
5) сақтандырылған автомобиль көлігіне тіркеу құжаттарын, автомобиль көлігінің кілттерін, сигнализацияны басқару пультін, тіркеу (мемлекеттік) нөмірлерін (белгілерін) жоғалту, ұрлау немесе ауыстыру;
6) Сақтандыру полисінде келісілмеген тұлғаға сенімхат беру немесе автомобиль көлігіне билік ету (басқару) құқығын беру;
7) қосарланған сақтандырудың болуы;
8) көлік құралының ақаулығының болуы.
11.3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы Сақтандыру полисінің шарттарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
11.4. Егер Сақтанушы Сақтандыру полисінің шарттарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Сақтандыру полисін бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі Сақтандыру ережелерінде белгіленеді.

11.5. Сақтанушы осы Ереженің **11.1**-тармағында көзделген міндеттерді орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру полисін бұзуды және оның бұзылуынан келтірілген шығындарды өтеуді талап етуге немесе сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға не сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.
11.6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушы Сақтандыру полисін бұзуды талап етуге құқылы емес.

12. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ

12.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан болуы мүмкін оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:
1) Сақтандыру полисінде көрсетілген телефондар бойынша сақтандырушыға дереу хабарласуға және одан арғы іс-қимылдар туралы кеңес алуға;
2) ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда ақылға қонымды және қолжетімді барлық шараларды, оның ішінде зақымданған автомобиль көлігін құтқару және сақтау шараларын қабылдауға (егер Сақтандырушы нақты шаралар қабылдау туралы нұсқауды хабарласа, оларды орындауы тиіс);
